# ШЕШІМ
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 15 тамыз №1112-24-00-2/2249 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Жакупов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

**ТАЛАПКЕР:**
Ақмола облысы әкімі аппаратының жанындағы «Облыс әкімінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«Кемелбек Дәурен Әтірханұлы» жеке кәсіпкер

**ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:**
1)мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы,
2)тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

## ШЕШІМ ЕТТІ:

Ақмола облысы әкімі аппаратының жанындағы «Облыс әкімінің іс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Кемелбек Дәурен Әтірханұлы» жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Кемелбек Дәурен Әтірханұлы» жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 15.08.2024

Заңды күшіне енгізілді: 24.09.2024 судья Жакупов А. А. 25.09.2024

«Кемелбек Дәурен Әтірханұлы» жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыппұл 8 669 (сегіз мың алты жүз алпыс тоғыз) тенге 52 (елу екі) тиын көлемінде және 2 106 (екі мың бір жүз алты) теңге 8 (сегіз) тиын көлемінде мемлкеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **А.А. Жакупов**

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 15.08.2024

Заңды күшіне енген күні: 24.09.2024 Судья Жакупов А. А. 25.09.2024